

ҚР Білім және ғылым министрінің 2017.08.12. № 610 бұйрығымен стратегиялық жоспары жаңа редакцияда

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2016 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 729 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017-2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспары

1-бөлім. Миссиясы мен пайымы

Миссиясы: білім беру және ғылым саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету, әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына ену үшін ұлттық интеллектуалдық әлеуетін жетерліктей дамытуды қамтамасыз ететін «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы рухында өскелең ұрпақты тәрбиелеу.

Пайымы: Қазақстан экономикасының дамуының негізгі драйвері ретінде тиімді қызмет етуші және әлемдік ғылыми-білім беру кеңістігіне кіріктірілген, республиканың әрбір азаматының өзінің еліне мақтаныш сезімін дамытуға ықпал ететін білім беру мен ғылымның озық жүйесі.

2-бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау және тәуекелдерді басқару

1-стратегиялық бағыт. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту.

1.1) Реттелетін саланы немесе қызмет аясын дамытудың негізгі параметрлері.

Қазақстанда білім беру саясатының басты бағыттарының бірі мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту болып табылады.

2016 жылы 9 410 мектепке дейінгі ұйым қызмет етті. 2014 жылдан бастап мектепке дейінгі ұйымдар желісі 943 бірлікке артты (2014 жылы - 8 467 бірлік, 2015 жылы - 8 834 бірлік).

Соңғы үш жылда 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбие және оқытумен қамту 52,3%-дан 64,5%-ға артты, өсім 12,2% құрады (2014-2015 оқу жылы - 52,3%, 2015-2016 оқу жылы - 53,8%, 2016-2017 оқу жылы - 64,5%), 3 жастан 6 жасқа дейін 78,6%-дан 85,8%-ға дейін артты (2014-2015 оқу жылында - 78,6%, 2015-2016 оқу жылында - 81,6%, 2016-2017 оқу жылында - 85,8%), өсім 7,2%-ды құрады.

Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеумен және оқытумен қамту көрсеткішінің артуына қол жеткізу республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен мектепке дейінгі ұйымдар құрылысын салу арқылы ғана емес, сондай-ақ шағын орталықтарды ашу, бұрын жекешелендірілген балабақшаларды беру және сатып алу, жекеменшік балабақшаларды ашуды ынталандыру, коммуналдық меншіктегі жеке тұрған, жалға берілген ғимараттарды босату, мектепке дейінгі ұйымдарды ашуға жарамды басқа да ғимараттарды беру есебінен болып отыр.

Инфрақұрылымды дамытудың 2015 - 2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде мектепке дейінгі ұйымдарда орын тапшылығы мәселесін шешу үшін 19 балабақшаны салу жоспарланған, оның 14-і пайдалануға берілді.

2016 жылы толық емес күн болатын шағын орталықтардың саны 2 208 бірлікті құрады. 2014 жылмен салыстырғанда олардың саны 517 бірлікке қысқарды (2014 жылы - 2 725 бірлік, 2015 жылы - 2 408 бірлік, 2016 жылы - 2 208 бірлік).

Сонымен қатар жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдардың желісін кеңейту бойынша жұмыс жүргізілуде. Үш жылдың ішінде олардың саны 876 бірлікке артты және 2 336 бірлікті құрады (2014 жылы - 1 460, 2015 жылы - 1 775, 2016 жылы - 2 336 бірлік). Бұған заңнаманы жетілдіру және мемлекеттік тапсырысты орналастыру ықпал етті.

2016 жылы мемлекеттік тапсырыстың жалпы санынан (412,9 мың орын) 42,8% (177 мың орын) 1 931 жекеменшік мектепке дейінгі ұйымға орналастырылды (2013 жылы - 988, 2014 жылы - 1 029, 2015 жылы - 1 043).

Мектепке дейінгі ұйымдардың санының артуы педагог кадрлар санының өсуіне оң ықпалын тигізді. 2014 жылмен салыстырғанда педагогтардың саны 10,5 мыңға артты және 84,7 мың адамды құрады (2014 жылы - 74,2 мың адам, 2015 жылы - 80,8 мың адам, 2016 жылы - 84,7 мың адам). Сонымен қатар, кәсіби білімі бар кадрлар тапшылығы байқалады. 82,2 мың педагогтардың 29,7 мыңы (36,1%) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар (2014 жылы - 31,8%, 2015 жылы - 35,1%, және 2016 жылы - 36,1%).

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын жаңарту мақсатында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың стандарты жаңартылды және үлгілік оқу бағдарламасы әзірленді.

1.2) Негізгі проблемаларды талдау

1. 1 жасан 3 жасқа дейінгі балалардың мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен төмен деңгейде қамтылуы.

2016 жылы Қазақстанда 1-3 жастағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту 30,6%-ды құрады. Бірақ, көрсеткіш ЭЫДҰ елдерінің орташа көрсеткішіне жақындады.

1-3 жастағы балалар Қостанай, Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарында ҚР бойынша орташа көрсеткіштен 2 есе артық қамтылды. Осы өңірлердің көрсеткіштері Данияда ерте жастағы балаларды қамту көрсеткіштерімен салыстыруға болады және ЭЫДҰ бойынша орташа мәннен 2 есе артық. Қарағанды және Оңтүстік Қазақстан облыстарында 1-3 жастағы балаларды қамту сәйкесінше 18% және 24,4% артты.

2. Мектепке дейінгі кәсіби білімі бар кадрлардың тапшылығы.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізгі кадрлық мәселесі арнайы кәсіби дайындықты меңгермеген педагогтардың басым болуы болып табылады.

3. Инклюзивтік білім беру үшін жағдайдың жеткілікті жасалмауы.

Республикада 10% (2015-2016 оқу жылдарында - 10%) мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті тәрбие мен оқытуға жағдай жасалған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде жан басына қаржыландыру негізгі білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеу мен оқытудың шығындарын қарастырмайды.

1.3) Тәуекелдерді басқару

Мақсатқа жетуге әсер етуі мүмкін тәуекелдердің атаулары	Тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар
1	2
Көшіп-қону процесі және демографиялық жағдай	Мектепке дейінгі ұйымдардың инфрақұрылымын дамыту және мемлекеттік-жекешелік серіктестікті белсенді дамыту.

2-стратегиялық бағыт. Орта білім беру және балалардың құқықтарын қорғау

2.1) Реттелетін саланы немесе қызмет аясын дамытудың негізгі параметрлері.

Орта білім беру білім жүйесінің базалық деңгейі болып табылады. Соңғы үш жылда шағын жинақты мектептердің жабылу есебінен мемлекеттік жалпы білім беретін

мектептердің 122 бірлікке қысқару үрдісі байқалуда (2014-2015 оқу жылы - 7 222 мектеп, 2015-2016 оқу жылы - 7 160 мектеп, 2016-2017 оқу жылы - 7 100 мектеп). 2016-2017 оқу жылы республикада оқушылардың контингенті 2,9 млн. баланы құрады. Бұл 2014 жылғы көрсеткіштен 314 мың балаға өскенін көрсетеді (2014-2015 оқу жылы - 2 615 898 оқушылар, 2015-2016 оқу жылы - 2 724 127 оқушылар, 2016-2017 оқу жылы - 2 930 583 оқушылар).

2014-2016 жылдар аралығында апатты мектептер саны 99 бірлікке азаюы байқалуда (2014-2015 оқу жылы - 136 бірлік, 2015-2016 оқу жылы - 69 бірлік, 2016-2017 оқу жылы - 37 бірлік).

Үш ауысымды мектептердің саны 11-ге дейін ұлғайды (2014-2015 оқу жылы - 95, 2015-2016 оқу жылы - 87, 2016-2017 оқу жылы - 106).

«Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде 2015-2016 жылы елімізде 35 мектеп ашылды, бұл 27 мектепте үш ауысымды және 5 мектепте апаттылықты жоюға мүмкіндік берді.

2017 жылы 118 мектептің құрылысына Ұлттық қордан 68,1 млрд. тг. көлемінде қаражат бөлінді, жылдың соңына дейін 76 мектепті іске қосу күтілуде.

Республиканың орта білім беру жүйесін ЭЫДҰ елдерінің білім беру жүйелерімен құрылымды түрде интеграциялауды қамтамасыз ету үшін Министрлік Назарбаев Зияткерлік мектептері тәжірибесін және 12 жылдық білім беруге кезең-кезеңімен ауысуды ескере отырып орта білім беру мазмұнын жаңарту бойынша жұмыс жүргізуде.

Үкімет қаулысымен Бастауыш, негізгі және орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМБС) бекітілді.

2016-2017 оқу жылы орта білім беру мазмұнын жаңартуға көшу кестесіне сәйкес оқу бағдарламасын, оқулықтар мен жаңартылған білім беру оқу-әдістемелік кешендерінің кезеңдеп апробациялау (*1-сыныптан бастап*), сонымен қатар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі басталды.

117 мектепте оқу үш тілде жүргізілуде, оның ішінде 20 НЗМ, 30 ҚТЛ, дарынды балалар үшін арнайы 33 мектептер және басқалары.

2015 жылдан 2015-2020 жылдарға арналған үш тілде білім беруді дамытудың жол картасы іске асырылуда (үш министрліктің біріккен бұйрығы: ҚР БҒМ - 2016 жылғы 5 қараша № 622, ҚР МСМ - 2015 жылғы 9 қараша № 344, ҚР ИДМ - 2015 жылғы 13 қараша № 1066).

Әр аз қоныстанған мекен-жайларда мемлекет шағын жинақты мектептердің (ШЖМ) жұмыс істеуіне кепіл береді. Мектептердің 3 036-сы ШЖМ болып табылады. Кейбір облыстарда көптеген мектептер ШЖМ болып саналады: Солтүстік Қазақстан облысында - 79,9%, Ақмола облысында - 68,4%, Қостанайда - 68,1% және Павлодар - 64%.

2016-2017 оқу жылы елімізде дарынды балалар үшін контингенті 65,2 мың оқушылар бар мамандандырылған 125 білім беру ұйымы жұмыс істеуде.

2013-2016 жылдары қазақстандық оқушылардың халықаралық олимпиадаларда қатысу нәтижелері бойынша Қазақстан химия, физика және математика бойынша ең үздік 15 елдің қатарына енді. Интеллектуалды жарыстарда жеңімпаздардың жалпы саны 306 адамға өсті (2013 жылы - 967 адам, 2014 жылы - 1 376 адам, 2015 жылы - 1 309 адам, 2016 жылы - 1 273 адам).

Орта білім беру жүйесінде 73 пилоттық мектеп базасында жан басылық қаржыландырудың апробациясы жүргізілуде (республиканың 5 өңірінде: Ақтөбе, Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Ақмола облыстары, Астана мен Алматы қалаларында).

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға білім беру және оларды әлеуметтік бейімдеу олардың білім алуындағы ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, қамтамасыз етіледі.

2016-2017 оқу жылы білім алуындағы ерекше қажеттілікті қажет ететін балалар саны 144 783 мың, олардың ішінде 96 555 бала мектеп жасындағы. Ерекше білім беру

қажеттілігімен 88 899 оқушылар (92%) қамтылған, олардың ішінен 45 104 бала жалпы білім беру мектептерінде инклюзивті оқуда, бірақ олардың 32,9% коррекциондық-педагогикалық қолдаусыз білім алуда.

2016-2017 оқу жылында республиканың 3 289 мектебінде инклюзивті білім беруге жағдай жасалды, бұл барлық мемлекеттік мектептердің 46,3%-ын құрайды (2014-2015 оқу жылында - 30%, 2015-2016 оқу жылында - 44,8%).

Инклюзивті білім беруге ең аз жағдай жасалған мектептердің саны, пайызбен есептегенде Қызылорда облысында 12,3%, Шығыс Қазақстан облысында 16%, Қарағанды облысында 24,7% байқалады.

Инклюзивті білім беруге ең көп жағдай жасалған мектептердің саны, пайызбен есептегенде Астана қаласында (66,3%) және Қостанай (63%), Батыс Қазақстан (59,1%) облыстарында байқалады.

Орта білім беру жүйесіндегі білім беру процесі негізінде қосымша білім беру арқылы іске асырылатын тәрбиелеу компонентімен үздіксіз байланыста.

Білім беру жүйесінде балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары желісінің азаюы байқалады, 2015 жылмен салыстырғанда 26 бірлікке (2015 жылы - 860, 2016 жылы - 834).

2016 жылы қосымша біліммен қамту 1 928 682 бала санын (65,8%) құрады, бұл 2015 жылмен салыстырғанда 228 109 балаға артық (2014 жылы - 1 590 724 немесе 60,5%, 2015 жылы - 1 700 573 немесе 61,9%).

Жалпы білім беретін мектептерде спорт түрлері бойынша спорт секцияларының желісі артуда. 31 мың спорт секциясы жұмыс жасауда.

Балалардың өсуі мен дамуын жүйелі бақылау өскелең ұрпақ денсаулығының жағдайын күнделікті бақылау жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. 2015 жылы мектептерде 6 243 медициналық кабинет жұмыс жасады. Мектеп оқушыларына медициналық қызмет көрсетуді 260 дәрігер және 7 525 медбике қамтамасыз етеді. Бұдан басқа созылмалы аурулары бар 507 мың балалардың 20 мың (4%) мектеп оқушысы арнайы медициналық топтарда айналысады.

Соңғы үш жылда 512 Кбит/сек жылдамдығымен кең жолақты интернетке мектептердің қол жетімділігі 62,8%-дан 81,6%-ға дейін ұлғайды (2014 жылы - 62,8%, 2015 жылы - 75,9%, 2016 жылы - 81,6%). Жаңа модификациялы пәндік кабинеттері бар мектептердің үлесі 45%-ды құрайды.

2015 жылдың 1 қазанына қарағанда 1 070 (15%) мектептерде электрондық оқыту жүйесі енгізілді.

Білім беру сапасы ең біріншіден білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлердің сапалық құрамымен анықталады.

2014-2015 оқу жылымен салыстырғанда орта, білім беру жүйесінде 6 805 адамға педагогикалық кадрлар үлесінің үлкею үрдісі байқалуда (2014-2015 оқу жылы - 297 293, 2015-2016 оқу жылы - 325 184 адам, 2016-2017 оқу жылы - 304 098 адам).

Мұғалімдер беделінің жоғарылауына, олардың кәсіби өсуіне «Үздік педагог», авторлық бағдарламалар конкурсы және т.б. септігін тигізеді, олардың жеңімпаздары материалдық және рухани жағынан көтермеленеді.

2013 жылмен 2015 жылдар аралығында деңгейлік бағдарламалар бойынша біліктілікті арттыру курстары «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы мен «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының Педагогикалық шеберлік орталығымен өткізілді. Деңгейлік бағдарламалар бойынша елде 48 236 мұғалімдер оқытылады (2013 жылы - 15 126 адам, 2014 жылы - 16 518 адам, 2015 жылы - 16 592 адам).

2016 жылы біліктілікті арттыру курстарында жаңартылған бағдарламалар бойынша кестеге сәйкес 74 мыңнан астам педагогтар оқытылды.

2016-2017 оқу жылында республиканың 2 500 мектебінде 5-11 класс оқушыларына арналған «Робототехника» элективтік курсы енгізілді.

«НЗМ» ДББҰ 5-11 сынып оқушылары үшін «Робототехника» элективті курсының енгізу шеңберінде робототехника бойынша 80 тренер дайындалды және жалпы білім беру мектептерінің 2 999 информатика мұғалімдерін оқыту жүргізілуде. Оқыту аймақтардағы интеллектуалдық мектептердің базасында өтуде. «Робототехника» элективтік курсының негіздерін қарастыру, LEGO MINDSTORMS EV3 Education табымен танысу, құрастыру элементтері мен роботтарды бағдарлау мүмкіндіктері берілуде.

Бала өмірінің сапасын арттыру үшін құқықтық және әлеуметтік кепілдігін қамтамасыз ету.

2016 жылдың 1 қазанына 18 жасқа дейінгі бала саны 5,3 млн., 2015 жылы - 5,5 млн., 2014 жылы - 5,3 млн. құрайды. Оның ішінде 140 мың даму мүмкіндіктері шектеулі балалар (2014 жылы - 158 мың, 2015 жылы - 143 мың), 28 мыңнан астам жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар (2014 жылы - 32,4 мың, 2015 жылы - 29,6 мың), 11 мыңнан астамы девиантты мінез-құлықты (2014 жылы - 10,4 мың, 2015 жылы - 11,6 мың). 2016 жылы 5 мыңнан астам қадағалаусыз қалған балалар анықталады (2014 жылы - 4,7 мың, 2015 жылы - 6,4 мың).

Балалары бар отбасыларын мемлекеттік қолдау шаралары неғұрлым жүйеленуде.

Отбасы құндылықтарын, ата-ана жауапкершілігінің, балалық шақты қорғаудың басымдылықтарын, балаға қатысты барлық зорлық-зомбылықтың және жазалаудың барлық нысандарына төзбеушілікті насихаттайтын Қазақстан Республикасында отбасылық және гендерлік саясаттың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары іске асырылуда.

Балалардың құқықтық ақпараттануы артуда және балалардың қоғамдық ұйымдарға қатысу сауаттылық деңгейінің артуы көбеюде.

2014 жылмен салыстырғанда балалардың өз құқықтары туралы хабардар болу деңгейі 11,8%-ға артты (2014 жылы - 58%, 2015 жылы - 63%, 2015 жылы - 69,8%).

Шалғай елді мекендерде тұратын 97,8% оқушылардың білім алуға қол жеткізу құқығын іске асыру үшін, сапалы және қауіпсіз тасымалдаумен қамтамасыз етілген (2015 жылы - 91%).

Аз қамтылған отбасыларынан шыққан балалардың 100%-ы мектептік тегін ыстық тамақпен қамтылған.

Бала құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағытының бірі әлеуметтік жетімдікті азайту.

28,4 мың жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың ішінен 21,2 мың бала (2014 жылы - 23,6 мың, 2015 жылы - 21,6 мың) отбасыға орналастырудың баламалы нысандарымен (қамқоршы, патронат, асырап алу) қамтылды.

2016 жылы жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарда 7 236 бала (2014 жылы - 9,1 мың, 2015 жылы - 8,0 мың) тәрбиеленуде.

Әлеуметтік жетімдік пен отбасылық сәтсіздіктің негізгі себептері: материалдық және баспана қиындықтары, бейәлеуметтік өмір салтын ұстанатын (маскүнемдік, нашакорлыққа салыну) отбасылардағы адамдар саны, некесіз туудың артуы (29%), ана мен әке болуға деген жеккөріністілік, отбасы және отбасы тәрбиесі құндылықтарының нашар насихатталуы, бала тәрбиесіне ата-аналардың жауапкершілігінің төмендеуі, қарқынды көшіп-қону процесі.

Қазақстандық азаматтарды материалдық жағынан ынталандыру жүйесі құрылды - баланы қорғаншылыққа алушыларға 10 АЕК, патронаттық тәрбиешілерге 9-10 АЕК, баланы асырап алушыларға 75 АЕК мөлшерінде жәрдемақы төленеді.

ҚР Бас Прокуратурасының деректері бойынша, 2016 жылы 2 мыңнан астам балаға қатысты қылмыс, балалар арасында - 3 мыңнан астам құқықбұзушылық жасалған (2014 жылы - 7 284, 2015 жылы - 3 796, 2016 жылы - 3 343).

Девиантты мінез-құлықты кәмелетке толмағандарды әлеуметтік-психологиялық оналту үшін 7 арнайы білім беру ұйымды және ерекше режимде ұстайтын 1 білім беру ұйымы қызмет жасайды.

Республикада 20 кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтары қызмет жасауда, оларда өмірдің қиын жағдайына тап болған балаларға, ата-аналарына (заңды өкілдеріне) кеңестік, құқықтық, психологиялық, педагогикалық пәрменді көмек көрсетіледі. Соңғы үш жылда 11 470 ата-аналарға және балаларға көмек көрсетілді.

Қазақстанда Президент Жарлығымен Отбасы күні - мерекесі белгіленді, қыркүйектің әр екінші жексенбісінде тойланады.

Жыл сайын әлеуметтік қауіпті жағдайға тап болған балалы отбасының үлесі, жалпы санынан 0,01%-ға азаюда (2014 жылы - 12 469 отбасы, 2015 жылы - 12 324 отбасы, 2016 жылы - 11 778 отбасы).

2016 жылы Бас Прокуратураның деректері бойынша елімізде кәмелетке толмағандар арасында аяқталған суицидтің 175 жағдайы және 411 әрекет жасағандар тіркелген, бұл аяқталған суицидтің 2015 жылмен салыстырғанда 12,9% азайғандығын көрсетеді (2014 жылы - 192 аяқталған суицид және 509 әрекет, 2015 жылы - 201 аяқталған суицид және 485 әрекет).

Суицидтің негізгі себептері ішкі отбасылық шиеленіс - 23 (11,4%), өмірдің қиын жағдайы - 7 (3,5%), өмірге қанағаттанбауы - 7 (3,5%), табыспаған махаббат - 6 (3%), 137 (68%) суицидтің себебі анықталмаған.

2.2) Негізгі проблемаларды талдау

Орта білім беру жүйесінде мынадай мәселелер орын алуда:

1. Мектеп инфрақұрылымының жеткіліксіз дамуы.

2016 жылы 7 100 күндізгі жалпы білім беретін мектептерден: 1 598 мектеп (22,5%) бейімделген ғимараттарда орналастырылған, 37 мектеп (0,5%) - апатты жағдайда, 106 мектеп (1,5%) сабақтарды үш ауысымда жүргізеді, 1 337 мектептің (18,8%) спорт залы жоқ.

2. Қалалық және ауылдық ШЖМ арасындағы білім сапасының алшақтығы.

2016-2017 оқу жылында республика бойынша ШЖМ саны жалпы көрсеткіштерге қарағанда қысқаруда, олардың үлесі 42,7%-ды құрайды. Оларда білікті мамандардың тапшылығы орын алуда, материалдық-техникалық қамтамасыз ету деңгейінің төмендігі байқалуда. Жаңа модификациялық оқу кабинеттері жоқ мектептер: физика 33,7%, химия 39%, биология 39,3%, математика 29,3% және лингофондық кабинеттер 49%. 2015 жылғы ҰБТ қорытындысы бойынша ШЖМ орта балы республикалық көрсеткіштен (74,67 балл) төмен, яғни 4,45 балл.

3. Қосымша білім беру инфрақұрылымының әлсіздігі.

2016 жылы 834 ұйымның 380-і типтік ғимаратта орналасқан. Мектептен тыс ұйымдарда балаларды қосымша біліммен қамту 22,2%-ды, мектеп үйірмелері мен секцияларында - 33,3%-ды құрайды. Жас туристер, техниктер, натуралистер станцияларының саны жеткіліксіз. Қосымша білім беру ұйымдарының басшылары, педагогтары және мамандары жүйелі біліктілік арттыруды қажет етеді.

4. Ерекше білім беруде қажеттіліктері бар балаларды педагогикалық қолдау мен түзете-дамыту жұмыстары жетілдіруді қажет етеді.

Арнайы білімі бар педагог кадрларға сұраныс артып отыр, әдістемелік қолдау қажет, инклюзивті білім беру мәселесі бойынша жалпы білім беру мектептердегі педагогтардың біліктілігін арттыру қажет.

Білім беру ұйымдары арнайы оқу-әдістемелік кешендермен қамтылуы төмен деңгейде (көру қабілеті нашар балалар үшін Брайл шрифтісімен жазылған оқулықтар).

5. Оқытуда инновациялық технологиялар толық түрде қолданылмауда. Сапалы білімге қол жетімділікке жетуде мектептердің жоғары желідегі Интернетпен жеткіліксіз қамтамасыз етілуі әсер етеді, сонымен қоса сандық ақпараттық ресурстар саны да. Оқушылардың ақпараттық технологияларға қол жеткізу мүмкіндігі шектелген.

Мектептердің әлемдік білім беру интернет ресурстарына шығу көрсеткіштері төмен деңгейді сақтап қалуда.

6. Балалардың өз құқықтары туралы жеткіліксіз хабардар болуы

Қоғамның реформалануы, әлеуметтік саралау, өмір сүру деңгейінің төмендеуі, отбасының қолайсыздығы және өзге де факторлар балалар құқықтарына әсер етеді.

7. Балалардың өмір сүруі үшін жайлы және игілікті қоршаған орта құрумен байланысты проблемалар бар.

Осал топтағы балалардың әлеуметтік шеттелуі (жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, мүгедек - балалар, әлеуметтік қатерлі жағдайдағы балалар).

2016 жылдың қорытындысы бойынша балалар ұйымдарындағы балалардың 18%-ы жетімдер. Қалғандары - ата-аналары тірі бола тұра жетімдер, олар ата-ана құқығынан айрылған, қамау орындарында, іздеуде, ұзақ уақыт емделуде жүргендер.

Балалармен қатігездік қарым-қатынас жағдайлары азаймауда: физикалық, эмоционалды, балаларға қатысты жыныстық зорлық-зомбылық, олардың негізгі қажеттіліктерін елемей.

Мектеп оқушыларының мінез-құлық факторлары денсаулық жағдайына әсері ерекше алаңдаушылық тудырып отыр.

Баланың жиі күйзеліске түсуі аяқталған суицид санын арттыруға әкеледі.

Кәмелетке толмағандар арасында алкогольді пайдалану, шылым шегу және нашакорлық мәселелері шиеленісе түсуде: балалардың 20%-ы спирттік ішімдікті қолданады, жасөспірімдердің 50% шылым шегеді, 17% - есірткі қолданады.

Балалар арасында және кәмелетке толмағандарға қатысты құқықбұзушылық жасалуда, анықталған балалар құқығын бұзушылық саны да төмендемеуде.

8. Қолайсыз отбасылармен және балалармен профилактикалық жұмыстар тиімділігінің төмендігі, ата-ана құқығынан айыру және әлеуметтік жетімдік тәжірибесінің таралуы.

2016 жылдың қорытындысы бойынша білім беру ұйымдарында 5,5 млн. балаға 12 мың астам мектеп психологтары, әлеуметтік педагогтар, қамқорлық органдарында 300 астам мамандар жұмыс істейді. Жалпы балалар санынан әлеуметтік-педагогикалық қызметпен тек 0,2% қамтылған.

Әлеуметтік-психологиялық, консультациялық және құқықтық қызметтерге тек қана кәмелетке толмағандар ғана емес, сонымен қоса олардың ата-аналары, заңды өкілдері қажет етеді.

1.3) Тәуекелдерді басқару

Мақсатқа жетуге әсер етуі мүмкін тәуекелдердің атаулары	Тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар
1	2
Демографиялық өсім және миграциялық процестер үш ауысымды мектептер санының және оқушы орнының тапшылығына әкеледі	РБ және ҰҚ есебінен мектеп және кеңейтілген құрылыстар
PISA, PIRLS халықаралық салыстырмалы зерттеулерді жүргізуге ықпал ететін техникалық (бағдарламаның қателіктер беруі) жағдайлар	Сапалы компьютерлер мен USB жинақтаулармен оқушыларды қамтамасыз ету
Интернаттық мекемелерге ата-аналарынан қамқорсыз қалған балалар мен жетім балалардың қайта түсуі	PR-компаниялар өткізу, интернаттық ұйымдарды отбасын қолдау орталығына қайта құру, балалы отбасын сүйемелдеу қызметін құру, отбасына баланы қабылдаушы әлеуетті ата-аналарды дайындау

Балаға қатысты зорлық-зомбылық, қатыгез қарау фактілерін жасыру

Бала құқығын қорғау саласында қызмет ететін әлеуметтік педагогтар мен психологтарды даярлау және қайта даярлау

3-стратегиялық бағыт. Техникалық және кәсіптік білім беру

3.1) Реттелетін саланы немесе қызмет аясын дамытудың негізгі параметрлері

2016-2017 оқу жылында республиканың ТЖКБ жүйесі 817 колледжді, оның ішінде 456 мемлекеттік (2015-2016 оқу жылында - 849, 2014-2015 оқу жылында - 807, 2014-2015 оқу жылында - 820) колледжді құрайды. Оның 20%-ы ауылдық жерде орналасқан.

2015-2016 оқу жылында білім алушылардың саны 489,1 мың адамды құрады (2015-2016 оқу жылында - 499,4 мың адам, 2014-2015 оқу жылында 531,4 мың адам), оның 97,7 мың адамы (19,6%) жұмысшы біліктіліктері бойынша, 402,1 мың адам (80,4%) орта буын мамандықтары бойынша. Күндізгі бөлімде 420,6 мың адам (65,4 мың адам сырттай бөлімде, 3,1 мың адам - кешкі оқыту нысаны бойынша), олардың 244,9 мың адамы немесе 50,1%-ы мемлекеттік тапсырыс бойынша оқиды.

Кадрларды даярлау 213 мамандық және 693 біліктілік бойынша жүргізіледі.

Кадрларды даярлаудың құрылымы 296 мың адам (60,5%) техникалық, технологиялық және ауыл шаруашылық мамандықтары бойынша жүргізілетінін көрсетті, бұл еңбек нарығының сұранысына сәйкес келеді.

Экономиканың кадрларға қажеттілігі оның жалпы сұранысының 20,5%-ы жұмысшы кадрларды, 38,5%-ы- орта білікті, 41%-ы жоғары білікті мамандарды қажет ететінін көрсетті.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы (бұдан әрі - мемлекеттік тапсырыс) негізінде 244,9 мың адам (50,1%), ақылы негізде 244,3 мың адам (49,9%) білім алады.

Колледж студенттерінің 50%-ы мемлекеттік тапсырыс негізінде білім алады. Бірақ, жергілікті атқарушы органдармен мемлекеттік тапсырысты орналастыру кезінде басымдық орта буын мамандықтарына беріледі (жалпы мемлекеттік тапсырыстың 60%).

Республика колледждерінде кадрларды даярлаудың талдауы контингенттің жылдан жылға төмендеуін көрсетеді. ЭЫДҰ-ның (экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы) мектеп және колледж оқушылары арасында жүргізген әлеуметтік зерттеуі оқушылардың 91,4%-ы ТЖКБ-ға баруды жоспарламайтынын, 49,2%-ы мамандық таңдауда көмекті қажет ететінін, 45,9%-ы оқуға төлеуге мүмкіндігінің болмауын немесе қиналатындығын көрсетті.

Тиісінше жастардың жұмысшы мамандықтарын алуын тежеу факторлары мәртебесінің жоқтығы, ақылы білім алу, нашар кәсіптік бағдар беру жұмысы.

Осыған орай техникалық және кәсіптік білімнің мазмұнын жаңарту, қолжетімділігін арттыру және беделін көтеру бойынша шаралар қабылдануда.

2016 жылы ТЖКБ-нің 817 ұйымынан тек 390-ында ғана (жобалық қуаты 78,6 мың орын), соның ішінде 296 мемлекеттік колледжде жатақхана болды (жобалық қуаты 57,9 мың орын).

Өңірлік тұрғыдан 2012-2016 жылдары колледж студенттерін жатақханалармен қамтамасыз етудің оң динамикасы Шығыс Қазақстан (+28,6%), Маңғыстау (+22,7%), Жамбыл (+10,7%), Оңтүстік Қазақстан (+8,7%), Қарағанды (+6,8%), Қостанай (+4,7%) облыстарында және Астана қаласында (+7,4%) тіркелді. Едәуір өсімге (+26,2%) қарамастан, ТЖКБ-нің білім алушыларын ыңғайлы тұрғын үймен қамтамасыз етудің ең төмен көрсеткіші Атырау облысында тіркелді. Осы көрсеткіштің күрт төмендеуі Павлодар (-36,5%) және Батыс Қазақстан (-31,8%) өңірлерінде де тіркелді.

2014-2016 жылдарында РБ-нің қаражаты есебінен Жамбыл облысының Тараз қаласында 200 орынға және Қарағанды облысы Нұра ауданының «Киевка» ауылында 100 орынға арналған жатақхана пайдалануға берілді. ЖБ-нің қаражаты есебінен 2015-2016 жылдарында Алматы облысының Алакөл ауданында 50 орынға және Жамбыл облысында

100 орынға арналған жаңа жатақханалар салынды. Қарағанды облысында оқу корпусы 40 орынға арналған жатақхана болып қайта салынды және Қостанай облысында 7 жатақхана қалпына келтірілді.

2016 жылы ел колледждерінің 64%-ы типтік ғимараттарда, 36%-ы бейімделген ғимараттарда орналасты. Заманауи құралдармен 1 442 шеберхана жабдықталды (РБ-тен 388 бірлік, ЖБ-тен 209 бірлік, ҚДХБ-нің займдары есебінен 207 бірлік).

Білім алуға ерекше сұранысы бар балалардың техникалық және кәсіптік білім алу құқықтарын қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдануда. ТжКБ-ға қабылдау кезінде мүгедектерге арналған 2012 жылдан бастап белгіленген квота көлемі 1%-ды құрайды (2011 жылы - 0,5%).

Колледждерде дуальді оқыту жүйесінің элементтері енгізілуде. 2016-2017 оқу жылында еліміздің 421 колледжі білім беру қызметін кәсіпорындармен әріптестік негізінде жүзеге асырады (2015-2016 оқу жылында - 348 мың адам, 2014-2015 оқу жылында - 170 мың адам). Ынтымақтастық туралы 27 200 шарт жасалды. Кадрларды мақсатты даярлау шеңберінде 5 мың адам білім алууда.

«Мәңгілік ел жастары - индустрияға!» білім беру көші-қон арқылы еңбек ресурстарының өңірлік теңсіздігін реттеуге амалдар жасалуда. Солтүстік, орталық және шығыс өңірлердің 34 колледжінде 2200 студент оқиды.

Жалпы, ТжКБ жүйесі кәсіптік стандарттар негізінде әзірленген оқу бағдарламаларына көшуде, біріктірілген модульдік оқу бағдарламалары енгізілуде.

Дүниежүзілік банкі қарызы есебінен «ТжКБ-ны жаңғырту» жобасы шеңберінде 147 кәсіптік стандарт негізінде 147 модульдік бағдарлама жасалды, оның ішінде 29 модульдік білім беру бағдарламасы ТжКБ-ның 33 оқу орнына енгізілді.

«Кәсіпқор» холдингі халықаралық тәжірибе мен жұмыс берушілер талаптарын ескере отырып 45 білім бағдарламалары әзірледі, оның 27-сі ТжКБ ұйымдарының оқыту процесіне эксперимент тәртібінде енгізілді.

2012 жылдан бастап Қазақстан Турин процесіне қатысушы болып табылады.

Қазақстанның Турин процесіне қатысушының негізгі бағыттары: ТжКБ-ның негізгі индикаторларына талдау, индикаторлар негізінде ілгерілеушілік мониторингі, озық практика мысалдарын, саясатын әзірлеу, бағалау және тарату, мүдделі тараптардың барлық топтарын белсенді тарту, әдіснамалық құралдарды әзірлеу.

Турин процесі бойынша елдік баяндаманың нәтижесі Қазақстан Республикасында кәсіптік білімді дамыту саясатын жасаудың негізі болды.

Колледждерді аккредиттеудің Жол картасы әзірленді және бекітілді. 2016 жылы 17 колледж (10-институциялық аккредиттеу, 7 - мамандандырылған) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Тізілімге енгізілген Тәуелсіз қазақстандық агенттік базасында аккредиттеуден өтті.

Индустриалдық-инновациялық басым жобаларды іске асыру үшін 10 базалық колледж айқындалды.

Инженер-педагог қызметкерлердің әлеуетін дамыту бойынша жұмыс жүргізілуде. Республика колледждерінде 2016-2017 оқу жылы оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің саны 42 785 адамды (2015-2016 оқу жылында - 43 112 оқытушы, 2014-2015 оқу жылы - 42 922 оқытушы), 5 722 өндірістік оқыту шебері (2015-2016 оқу жылы - 5982, 2014-2015 оқу жылында - 5631) құрады.

Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуын есепке ала отырып, білімнің қолжетімділігімен қатар, жастардың қосымша біліктілік алуларына жағдай жасау мәселесін пысықтау қажет. Заманауи өндірісті автоматтандырудың қарқынды процесін игеруді колледж бітірушілерінің қосымша және шектес дағдыларды, бағдарламалау негіздерін және робототехниканы зерделеуді, ағылшын тілін білуді қажет етеді.

3.2) Негізгі мәселелерді талдау

1. Жастардың кәсіби дамуына деген шаралардың жеткіліксіздігі және ТжКБ алуға уәждемесінің төмендігі.

Қабылданып жатқан шараларға қарамастан, 2016 жылы типтік жастағы жастардың ТжКБ-дегі (14-24 жас) үлесі тек 16,6%-ды құрады. Бұл көрсеткіш еуропалық одақ елдері мен ЭЫДҰ-дан 3 есе төмен. Халықтың 22%-ы ғана ТжКБ-ны беделді деп санайды. Ал Еуроодақ елдерінде халықтың 71%-ы үшін жұмысшы мамандығының оң имиджі бар. Бұл жұмысқа орналасуды, қамтудың, еңбек ақы көлемінің және халық пікірінің көрсеткіштері.

Елдің жұмысшы кадрлары компьютерлік жобалау біліктіліктерін, күрделі дәнекерлеу құрылымдармен жұмыс істеуді және техникалық ағылшын тілін меңгермеген. Жыл сайын 30 мың шетелдік қызметкер жұмысқа тартылады, оның ішінде 24,9 мың (83%) - өнеркәсіп үшін.

2. Білім беру мазмұны мен сапасының халықаралық стандарттарға және жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес келмеуі.

Қолданыстағы Кәсіптер мен мамандықтар жіктеуіші ХББА-ға сәйкес келмейді. Әзірленген оқу бағдарламалар өзектендіруді, білім берудің барлық деңгейінде сабақтастықтың болмауы модульдік-құзыреттілік тәсіл негізінде әзірленген бағдарламаларға көшуді талап етеді. Колледждердегі мамандардың даярлық сапасына талдау жүргізу үшін жұмыс берушілер тарапынан ТжКБ түлектерін тәуелсіз сертификаттау жүйесі жеткіліксіз дамыған.

3. Инженер-педагог қызметкерлерінің кәсіби өсуін ынталандыру тетіктерінің болмауы

Техникалық және кәсіптік білім мазмұнын жаңғырту процесі білім беру саласындағы инновациялық технологияларды меңгерген, педагогтардың кәсіби ұтқырлығын арттыруға бағытталған нақты кадрлық саясатты талап етеді. Алайда, қолданыстағы біліктілікті арттыру жүйесі педагогтарды ынталандыру мен уәждемелеуді көздемейді.

Жыл сайын 3 мыңнан астам инженер-педагог қызметкерлер өндіріске кетеді. Колледждердегі төменгі жалақы өндірістен қызметкерлерді тартуға мүмкіндік бермейді, жастар ТжКБ-ге қиналып барады.

Педагогикалық қызмет нәтижелері бойынша оқытушыларды ынталандыру және біліктілікті арттырудың айқын тетігі жоқ.

4) Жеткіліксіз дамыған инфрақұрылым мен кәсіптік және техникалық білім беруге қолжетімділік

Колледждердің материалдық-техникалық базасы кадрларды даярлау сапасын және ТжКБ жүйесінің тартымдылығын қамтамасыз етпейді. Басқа қаладан келген білім алушыларға жағдай жасау мәселелері толық шешілмеген. Ауылды жерлерден келген студенттердің 70%-ның ғана жатақханадан орын алуға мүмкіндіктері бар. Қазақстандағы ТжКБ шығыстары әлемдегі дамыған елдердің көрсеткіштерінен 2,5-3 есе төмен.

3.3) Тәуекелдерді басқару

Мақсатқа жетуге әсер етуі мүмкін тәуекелдердің атаулары	Тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар
1	2
Жастар арасында жұмысшы мамандығы беделінің төмендігі	Жұмысшы мамандығының беделін көтеру және танымал ету. Жастар арасында ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

4-стратегиялық бағыт. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім

4.1) Реттелетін саланы немесе қызмет өрісін дамытудың негізгі параметрлері

2016-2017 оқу жылында республикада 130 ЖОО жұмыс істейді (10 ұлттық, 32 мемлекеттік, 14 азаматтық емес, 1 ААҚ, 1 халықаралық, 18 акционерлік, 54 жеке) (2013-2014 оқу жылында - 132, 2014-2015 оқу жылында - 127, 2015-2016 оқу жылында - 125).

ЖОО білім алушылардың жалпы контингенті 2016-2017 оқу жылында 512 677 адамды (2014-2015 оқу жылында - 506,4 мың адам, 2015-2016 оқу жылында - 455,1 мың адам)

құрады, соның ішінде, бакалавриатта - 477 074 адам, магистратурада - 32 893 адам, докторантурада - 2 710 адам.

2016 жылы ПОҚ саны 38 241 адам (2013-2014 оқу жылында - 41 635, 2014 жылы - 40 320). ПОҚ дәрежелілігі 53% құрайды (2013-2014 оқу жылында - 49,8%, 2014-2015 оқу жылында - 49,1%, 2015-2016 оқу жылында - 50,4%).

2017-2018 оқу жылына арналған кадрлар даярлауға мемлекеттік тапсырыс көлемі: бакалавриат - 38 983 грант, магистратура - 10 046 орын, PhD докторантура - 1 279 орын (2015-2016 оқу жылы: бакалавриат - 32 168 грант, магистратура - 7 241 - орын, докторантура 623 - орын, 2016-2017 оқу жылы: бакалавриат - 31 702 грант, магистратура - 7 429, докторантура - 628). Осылайша, ЖОО кейінгі білім мен жоғары білімге деген мемлекеттік тапсырыстың жалпы арақатынасы 2016 жылы - 25,4%, 2015 жылы - 24,4%, 2014 жылы - 22,5% құрады.

«Мәңгілік ел жастары - индустрияға!» атты жоба жүзеге асырылуда. 2015-2016 оқу жылында жұмыс күші артық аймақтардан жұмыс күші тапшы облыстарға тарту мақсатында оқытатын ЖОО мамандықтарының тізімі кеңейтілді. 2016-2017 оқу жылына арналған мемлекеттік тапсырыс 150 орынды құрады.

Индустриалдық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы аясында кәсіпорындар үшін 11 базалық ЖОО-нда 4 400 маман даярлануда. Шетелдік серіктес ЖОО сарапшыларының қатысуымен 24 инновациялық білім беру бағдарламасы әзірленді. Оларды әзірлеу барысында базалық ЖОО-ның 283 оқытушысы Назарбаев Университетінде, сондай-ақ серіктес ЖОО-нда және кәсіпорындарда тағылымдамадан өтті.

«Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы бойынша инфрақұрылымды дамытуға бағытталған іс-шаралар жоспарына сәйкес, 2015-2019 жылдары ИИДМБ басым бағыттары үшін базалық ЖОО-нда бейіндік магистратурада даярланатын кадрлар саны 2019 жылға дейін 8200 адамды құрайды. Осылайша, 2015 және 2016 жылдары ИИДМБ10 базалық ЖОО бейіндік магистратурасына 4700 адам қабылданса, 2017 жылы 1900 магистрант оқуын тәмамдады (оқу мерзімі 1,5 жыл), 2017 жылы бейіндік магистратураға 3500 адам қабылданады деп жоспарлануда.

«Орта білімді жаңарту» жобасының 1.3. «Педагогикалық білім беруді жаңарту» тармақшасы бойынша педагогтың кәсіби стандарты әзірленіп бекітілді.

Нақтылы аймақтың кадрларға деген сұранысы арқылы еңбек нарығы ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік беретін ЖОО-ның академиялық еркіндігін қамтамасыз ету мақсатында ЖОО білім беру бағдарламаларының мазмұнын айқындау құқығы кеңейтілді: бакалавриатта 65% дейін, магистратурада 75% дейін, докторантурада 90% дейін.

Болон үдерісі параметрлерін орындау отандық білім беру бағдарламаларын шетелдік бағдарламалармен үйлесімділікте болуына ықпал етіп қана қоймай, салғастырмалы білім беру бағдарламаларының үлес санының артуына, жоғары білімді халықаралық деңгейге көтеруге септігін тигізеді. ECTS типіндегі кредиттерді қайта тапсырудың қазақстандық моделі енгізілді.

Студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығы дамып келеді. Соңғы 3 жылда шамамен 4 187 студент пен магистрант шетелдік ЖОО білім алды: 2014 жылы - 805 студент, 2015 жылы - 909 студент, 2016 жылы - 2 473 студент.

Бірлескен білім беру және зерттеу бағдарламаларын іске асыруға шетелдік ғалымдар тартылуда. Соңғы 3 ішінде Еуропа, АҚШ, Ресей Федерациясы, Оңтүстік-шығыс Азиядан 2 642 шетелдік ғалым шақыртылды (2014 жылы - 1726 адам, 2015 жылы - 547 адам, 2016 - 369 адам).

Қазіргі уақытта ЖОО жоғары білім мен ғылым саласындағы серіктестік туралы 400 ЖОО-аралық келісімдер (келісім-шарттар), Қазақстанның ЖОО мен шетелдік ҒЗИ арасында 104 келісім, меморандум және келісім-шарттар жүзеге асырылуда.

42 ЖОО-ның педагогикалық, техникалық және жаратылыстану мамандықтарында оқыту ағылшын тілінде жүргізіледі. Оның ішінде, 15 ЖОО-ның педагогикалық

мамандықтарында 3,5 мың адам оқытылуда. Сонымен бірге, 2015 жылы 531 адам аталмыш бағдарламаларды тәмамдап, оның 500-і Назарбаев зияткерлік мектептеріне, түрлі пәндерді тереңдете оқытатын дарынды балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттарға, мектеп-гимназияларға жұмысқа орналастырылды.

Жоғары білім сапасын бағалау жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін ЖОО аккредиттеудің ұлттық моделі енгізілді. Аккредиттеу бәсекелестік ортаға тапсырылды № жүйесін тиімді аккредиттеуші органдардың ұлттық тізбесіне 7 аккредиттеуші агенттік кіреді, оның 2-уі қазақстандық және 5-уі шетелдік (2 - Германиядан, 2 - АҚШ-тан, 1 - Ұлыбританиядан).

2016 жылы қазақстандық аккредиттеуші агенттіктерден институционалдық аккредиттеу өткен ЖОО саны - 96 (2015 жылы - 72), ұлттық мамандандырылған аккредиттеуден - 86 ЖОО (2015 жылы - 55).

Назарбаев университетінің тәжірибесі бойынша корпоративті басқару енгізілуде. 10 ЖОО-нда іске асырылуда және 19 ЖОО-нда бақылаушы кеңестер құрылуда. 64 ЖОО Қамқоршылық кеңестерінің жұмыс істеу принциптері қайта қарастырылу үстінде.

Білім, ғылым және бизнестің интеграциясы күшеюде. ЖОО-нда 16 коммерцияландыру кеңсесі, 3 техносаябақ, 4 бизнес-инкубатор, 500-ден астам ғылыми-зерттеу бөлімшелері мен құрылымдары қызмет атқарып отыр.

Соңғы 5 жылда қазақстандық ЖОО әлемдік рейтингтерге белсенді қатысуы байқалуда, атап айтқанда: QS WorldUniversityRankings, Webometrics, UniversityRankingbyAcademicPerformance (URAP) және басқалары.

QS WUR рейтингісі бойынша 2016 жылы 8 қазақстандық ЖОО аталған.

«Топ-300» үздік рейтингісіне енген ЖОО: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ - 236 орын, 2015 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда 39 орынға көтерілді, «Топ-400» үздіктерінің қатарында Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ - 345 орын, бұрынғы көрсеткіштерінен 26 орынға көтерілді. «Топ 411-420» қатарына көрсеткіштерін 74%-ға жақсартқан К. Сәтпаев атындағы ҚазҰИТУ кірді. «Топ 501-550» - Абай атындағы ҚазҰПУ, алдыңғы көрсеткіштерін 100 орынға жақсартты, «Топ 601-650» - М. Әуезов атындағы ОҚМУ, «Топ 651-700» - ҚБТУ, «Топ 701+» - Букетов атындағы ҚарМУ, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТ.

Бұған білім, ғылым және бизнестің интеграциясы, ғалымдардың жарияланымдық белсенділігінің артуы, халықаралықтандыру деңгейінің өсуі, шетелдік студенттер санының артуы, қос дипломдық білімді дамыту септігін тигізді.

Аталмыш жайттар Қазақстан ЖОО-ның имиджіне оң әсерін тигізіп, Қазақстан Республикасы жоғары білімінің табыстарын халықаралық деңгейде мойындатты.

4.2) Негізгі мәселелерді талдау.

1. Түлектер әрдайым жұмыс берушілердің болжалдарына сай келе бермейді.

ЖОО білім беру бағдарламалары еңбек нарығы қоятын талаптарға сәйкес күзіреттіліктерді бере алмайды, бұл жағдай көптеген қызмет салаларында кәсіби стандарттардың болмауы салдарынан орын алып отыр. Білім беру саласы мен еңбек нарығының өзара әрекеттесуінің төмен деңгейде болуы сондай-ақ жұмыс берушілердің бірлесе кадр даярлауға, кейін жұмысқа орналасу мүмкіндігі бар өндірістік іс-тәжірибені ұйымдастыруға деген қызығушылығының төмендігінен көрініс табады.

2. Үштілді оқыту бағдарламалары бойынша білім алушылардың аз қамтылуы.

Күндізгі бөлімде оқитын 358 мыңнан астам студенттердің тек 5% үш тілде білім алады. ЖОО оқытушыларының 38 мыңы шетел тілін еркін меңгерген, ал үш тілде сабақ жүргізетіндері 10% құрайды.

3. Материалдық-техникалық, оқу-зертханалық және ғылыми базаның төмен деңгейі.

ЖОО мемлекеттік қаржыландырылуының негізгі көзі білім гранттары болып табылады, оның 70% оқу үдерісін қамтамасыз етуге қажетті ағымдағы шығындарға жұмсалады. Сәйкесінше, материалдық-техникалық базаны дамытуға және нығайтуға байланысты шығындар толық қаржыландырылмайды. Жоғары білім беруге бағытталған

мемлекеттік шығындардың 94% мемлекеттік тапсырысқа тиесілі. 6% - басқа да шығындар, оның ішінде материалдық-техникалық базаны қолдау. Бұл мақсаттарға бөлінетін бюджеттен тыс қаржыландыру шамалы ғана.

4.3) Тәуекелдерді басқару

Мақсатқа жетуге әсер етуі мүмкін тәуекелдер атаулары	Тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар
1	2
Жұмыс орындарының тапшылығы	Жоо өз алдына басқаруын кеңейту, жұмыс берушілерді кадрларды даярлауға тарту. Жоғары біліммен қамтуды ұлғайту. Ұлттық біліктілік жүйесін енгізу арқылы нарықтың талабына сәйкес кадрларды даярлау. Жоо академиялық бостандығын ұлғайту және білім беру нәтижесіне бағытталған бәсекеге қабілетті білім беру бағдарламаларын әзірлеу.
Білім миграциясы, жастардың шетелдік жоо-ға кетуі	Талапкерлерді жоо-ға қабылдау ережелерін жетілдіру, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша үш тілде оқыту.

5-стратегиялық бағыт Ғылымды дамыту

5.1) Реттелетін саланы немесе қызмет аясын дамытудың негізгі параметрлері

Қазақстанның Ғылым жүйесінде ірі жүйелік өзгерістер болды. 2011 жылғы 18 ақпандағы «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының 407-IV [Заңына](#) сәйкес ғылымды басқарудың және ғылым қаржыландырудың түбегейлі жаңа моделі жұмыс істейді.

Ғылымның алдында тұрған негізгі міндеттер ғылыми кадрларды даярлаудың қазіргі кездегі жүйесін қалыптастыру, сапалы нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету, елдің индустриалдық қажеттілігіне ғылымды бағыттау, «Мәңгілік ел» құндылықтарын енгізу жолымен гуманитарлық бағытты дамыту, ғылым жетістіктерін дәріптеу, халықаралық интеграция болып табылады.

Ұйымдардың қызметін талдау ғылыми-зерттеу және тәжірибелік конструкторлық жұмыстардың басым бағыттары инженерлік әзірлемелер мен технология саласындағы зерттеулер болып табылатының көрсетті, олардың ғылыми-зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың ішкі шығындарының жалпы сомасындағы үлесі 45,3% құрады. Жаратылыстану ғылымдары саласындағы зерттеулерге жұмсалған шығындар 35,3%, ауылшаруашылық ғылымдары саласында - 10,4%, медицина ғылымдары - 3,4%, гуманитарлық ғылымдар - 4% және әлеуметтік ғылымдар - 1,6% құрайды.

Кадрлық әлеует жағдайы тұрақтанды. 2016 жылы ғылыми-зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстармен айналысатын қызметкерлердің жалпы саны 22,9 мыңды құрады (2015 жылы - 27,7 мың адам, 2014 жылы - 25,8 мың адам) олардың ішінде зерттеуші-мамандар 17 421 адам, табылады, ғылыми-зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстармен айналысатын ғылым докторларының саны 1 829 адамды құрады, бейін бойынша докторлар - 509 адам, PhD философия докторы - 462 адам, ғылым кандидаттары - 4 754 адам және магистрлардың саны 3 908 адамды құрады.

Алайда, соңғы үш жылда 35 жасқа дейінгі ғалымдардың саны 9 447-ден 8 167-ге дейін азайды (2014 жылы - 9 447, 2015 жылы - 9 008, 2016 жылы - 8 167).

Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды орындайтын 390 ғылыми-зерттеу ұйымы бар: ғылыми-зерттеу институттары - 245, ЖОО - 89, басқалар - 58.

Ғалымдар үшін маңызды ынталандыру - әл-Фараби атындағы Ғылым мен техника саласындағы мемлекеттік сыйлық болып табылады, ҚР БҒМ-нің атаулы сыйлықтары - 7, мемлекеттік ғылыми стипендия: 50 - жас ғалымдарға, 25 - көрнекті ғалымдар үшін.

Тәуелсіз ғылыми-техникалық сараптама жүйесі жұмыс істейді. Сараптаманы Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама ұлттық орталығы және 5 Ұлттық ғылыми кеңес (ҰҒК) жүргізеді. Олар ғылыми зерттеулерді қаржыландыру бойынша түбегейлі шешімді қабылдайтын алқалы орган болып табылады.

Ғылыми зерттеулер бағдарламалық-нысаналы және гранттық қаржыландыру шеңберінде қаржыландырылады.

2016 жылы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға жұмсалған ішкі шығындар өткен жылмен салыстырғанда 3,9%-ға азайып, 66 600,1 млн. теңгені құрады. Қолданбалы зерттеулерге жұмсалған шығындар үлесі ішкі шығындардың жалпы көлемінен 53,8%-ды құрады, іргелі зерттеулер - 20,7% және тәжірибелі-конструкторлық әзірлемелер - 25,5.

Барлық ғалымдар үшін дүниежүзілік ақпараттық ресурстарға қолжетімділік қамтамасыз етілген - Clarivate Analytics, Springer тәрізді ірі шетелдік компаниялармен және басылымдармен лицензиялар мен келісімдерге қол қойылған.

Халықаралық рейтингтік басылымдарда қазақстандық ғалымдардың жариялау қызметінің елеулі өсуі байқалады. 2016 жылы әлемдік рейтингтік журналдардағы қазақстандық ғалымдар жарияланымдарының саны - 2 066, соның ішінде Web of Core Collection (Clarivate Analytics).

Қаржыландырудың жаңа түрлерін енгізу тұтастай алғанда республиканың ғылыми процесін күшейтті. Мемлекеттік ғылыми ұйымдар мен ЖОО базалық қаржыландыру. Ғылыми-зерттеулердің өздері бағдарламалық-нысаналы және гранттық қаржыландырумен қаржыландырылады.

Гранттық қаржыландыру бойынша ғылыми жобаларды қаржыландыру ғылыми қызмет субъектілеріне тең жағдайдағы конкурстық негізде жүзеге асырылады.

2017 жылы гранттық қаржыландыру бойынша 1 550 жобаны және 2015-2017 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша 56 ғылыми-техникалық бағдарламаны іске асыру жалғасуда.

100 нақты қадам - Ұлт жоспарының 64-қадамын іске асыру шеңберінде «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» Қазақстан Республикасының [Заңы](#) қабылданды.

Дүниежүзілік қайта құру және даму банкімен «Өнімді инновацияларды ынталандыру» атты бірлескен жоба іске асырылуда. 2016 жылы ҚР мен ДҚҚДБ арасында қарыз туралы келісім ратификацияланды:

- Жобаны басқару тобы құрылды;
- Жобаның басқарушы комитеті құрылды;
- Ғылым және коммерцияландыру бойынша халықаралық кеңес құрылды, оған коммерцияландыру және инновация саласындағы белгілі шетелдік сарапшылар мен ғалымдар енді;

- 2016 және 2017 жылдары аға және кіші топтағы ғылыми қызметкерлер үшін гранттық бағдарлама бойынша екі конкурс өткізілді (жобаның 1.2 «Өнімді инновацияларды ынталандыру» компоненті бойынша). Үш жылдық кезеңде іске асыру үшін ғылым және коммерцияландыру бойынша халықаралық кеңес мүшелерінің конкурстық деректері бойынша 50 жоба іріктелді. 2016 жылғы конкурстың қорытындысы бойынша 27 жобамен 4 857 126 186 теңге сомасына Грант туралы келісім жасалынды, соның ішінде 310 666 500 теңге бірлесе қаржыландыру, 2 жоба бойынша экология жөнінде Дүниежүзілік банктің рәсімдері өткеннен кейін Грант туралы келісім жасалатын болады. Сонымен қатар, 2017 жылы іріктелген 21 жобамен Грант туралы келісім жасау жұмыстары жүргізілуде (ЖШС құру, ПООС мен ОВОС әзірлеу және келісу).

Сондай-ақ, «Ғылым қоры» АҚ операторы болып анықталған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын гранттық қаржыландыруға 2016 жылы конкурс өткізілген. Конкурсның қорытындысы бойынша

жалпы сомасы 4 855 939 492 теңгеге 27 шарт жасалынды, жеке инвестицияларды тартудың жалпы көлемі 423 086 491 теңгені құрады.

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын қаржыландыру қағидаларына және Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын сараптама және ұйымдастыру өткізу қағидаларына мен толықтырулар енгізілді.

Жоғарыда аталған конкурстар шеңберінде іріктелген жобалар тағам өнімдерін шығару, қалдықтарды жинау, өңдеу, алып тастау және жою; металлургия, электр құралдарын шығару; фармацевтика, бейметал минералды өнімдерді шығару; компьютерлерді, электронды және оптикалық өнімдерді шығару сияқты секторлардағы отандық өнімдерді шығаруға бағытталған.

Ғалымдардың ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру және Қазақстанның жетекші ЖОО-ларында Қазақстанның технологиялық, экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуына ықпал жасауға және табиғаттың, қоғамның, адамның даму заңдылықтары туралы жаңа білім алуға бағытталған университет оқытушыларының, докторанттарының, магистранттарының және студенттерінің ғылыми зерттеулерінің жүргізілуін үйлестіру мақсатында 24 коммерцияландыру офистері жұмыс істейді.

2016 жылы қолданбалы ғылыми-зерттеу қызметтерінің жалпы саны - 1 217, коммерцияландырылған жобалардың барлығы 210, соның ішінде 111 мемлекеттік органдар, технологияларды коммерцияландыру жобалары 65, «Өнімді инновацияларды ынталандандыру» шеңберінде 33 жоба.

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру саласында кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру бағдарламасын іске асыру шеңберінде елдің 17 ЖОО жұмыс жүргізілуде. Университеттің қызметкерлері «Кәсіпкерлік университет» бағыты бойынша біліктілігін арттыру курстарынан өтті.

2016 жылдың қорытындысы бойынша ҚР БҒМ Ғылым комитетінің қарамағында 30 ғылыми ұйым бар (биологиялық бейінде - 13, гуманитарлық бейінде - 8, математикалық және ақпараттық бейінде - 5, мұражайлық бейінде - 2, сонымен қоса «Ғылым қоры» АҚ мен «МҒТС ҰО» АҚ).

Екі жақты негізде ғылыми-техникалық ынтымақтастық дамуда: Ұлыбритания, АҚШ, ҚХР, Корея, Жапония, Египет, Германия, Италия, Франция, Польша, Ресей және т.б. елдермен ғылым мен техника саласында 30-дан астам мемлекетаралық келісімдер жасалынды.

2017 жылы Clarivate Analytics компаниясының Web of Science Core Collection деректері бойынша қазақстандық басылымдардың (ағымдағы жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша) саны 568 бірлікті құрайды (2015 жылы - 1 808 бірлік, 2016 жылы - 2 066 бірлік).

2017 жылы Elsevier компаниясының Scopus деректері бойынша қазақстандық басылымдардың (ағымдағы жылдың 1 шілдесіне қарағанда) саны 1 119 бірлікті құрайды (2015 жылы - 2 472 бірлік, 2016 жылы - 3 232 бірлік).

2017 жылдың 1 жартыжылдығында «МҒТСҰО» АҚ Springer Nature және Clarivate Analytics өкілдерімен бірлесіп, Қазақстан Республикасы бойынша 113 оқу семинарын ұйымдастырды және өткізді (2015 жылы - 215, 2016 жылы - 208), сонымен қатар 44 онлайн семинар өткізілді (2015 жылы - 90, 2016 жылы - 122).

5.2) Негізгі проблемаларды талдау

1. Ел экономикасының тұрақты дамуы үшін ғылымның қосқан үлесі төмен деңгейде қалып отыр.

Ғылыми кәсіпкерлік нашар дамыған. Ғылыми-техникалық қызмет нәтижелері бизнес үшін қажетсіз болуда және кәсіпорындар өндірістік процесте қолданбайды.

Қазақстан дамыған мемлекеттерге қарағанда ҒЗТКЖ нәтижелерінің көрсеткіштері бойынша айтарлықтай артта қалуда. Соңғы 5 жылда тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерге жұмсалған шығындар 3 есе артса да, ЭЫДҰ елдеріне қарағанда айтарлықтай төмен.

2.

3. Ғылым саласындағы менеджмент жеткіліксіз дамыған. ҒЗИ шашыраңқылық байқалады.

Ғылыми жобаларға әкімшілік етумен басқарудың, материалдық-техникалық базаны пайдаланудың бірыңғай механизмі мен ғылым саласындағы менеджменттің жоқтығы. Соңғы үш жылда (2013-2015) ведомстволық бағынысты ғылыми ұйымдардың даму жоспарларының іске асырылуына мониторинг жүргізілмеген.

5.3) Тәуекелдерді басқару

Негізгі мақсатқа жетуге ықпал етуі мүмкін тәуекелдердің атауы	Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар
1	2
ҒЗТҚЖ төмен нәтижелілігі	Ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларды басқару тетіктерін жетілдіру.
Өзінің ғылыми әлеуетін іске асырудың анағұрлым қолайлы перспективалары болғандықтан ғалымдардың басқа мемлекеттерге кетуі	Ынталандыру, ғылыми-техникалық базаларды жаңарту; ғылыми зерттеулерді қаржыландыруды ұлғайту; ғылыми зерттеулер нәтижелерін енгізу үшін жағдайлар жасау.

3-бөлім. Салалардың басым бағыттары

1-стратегиялық бағыт. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін жандандырудың тұжырымдамалық негіздері Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясында, Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарында, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген.

1-басым бағыт «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жаңарту»

Қазіргі білім беру жүйесінің даму кезеңінде мектепалды даярлық жүйесіне жаңа талаптар қою мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың тиімді түрлерін әзірлеу мен ендіру қажеттілігі туындады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамытудың заманауи және нәтижелі жүйесін қалыптастыру үшін жаңартылған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМС, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың және мектепалды даярлықтың үлгілік оқу бағдарламаларын, балалардың біліктері мен дағдыларын дамытудың индикаторлар жүйесін ендіру жалғастырылады.

Білім беру бағдарламалары мектепте оқуға қажетті білім, білік және дағдыларды қалыптастыруға, халықтық салттар мен дәстүрлерге негізделген құндылықтар, адамгершілік бағдарлануды қалыптастыруға, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен қатар, балалардың дене дамуы, коммуникативтік, зияткерлік, адамгершілік, эстетикалық және әлеуметтік дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіру арқылы тәрбиелік, дамытушылық және оқыту мақсаттары мен міндеттерінің бірізділігін қамтамасыз етеді. Және ең бастысы - даму деңгейін анықтайтын индикаторларға сәйкес балалардың білім, білік және дағдыларын бағалау және инновациялық технологиялар негізінде бала дамуының әдіс-тәсілдері мен құралдарын қолдану.

2017 жылдың қыркүйек айынан бастап мектепке дейінгі деңгей мазмұнының сапасы әр бала жетістіктерінің индикаторлар жүйесі арқылы бағаланады, мұнда әрекеттің негізгі нәтижесі баланың даму деңгейі, оның білімі, біліктері және дағдылары болып табылады.

Техникалық оқыту құралдары: компьютер, проектор, экран, сенсорлық интерактивтік тақта мен құрылғылармен жабдықталған мультимедиялық кешендер, смарт-карталар,

сөйлейтін қаламдар, компьютерлік дамыту ойындары; анимациялық бейне- және фотоматериалдарды қолдана отырып, инновациялық әдістер мен технологияларды ендіруді көздейтін балалардың қызығушылықтарына қарай вариативтік бағдарламаларды әзірлеу жалғасатын болады. Бұл инновациялық әдістер мен технологияларды жүйелі ендіруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Шаралар:

- оқу-әдістемелік кешендерді, оның ішінде білім беру қажеттіліктері ерекше балалар үшін кемістіктің 8 түрі бойынша арнайы бағдарламалар әзірлеу және енгізу;
- балалардың қызығушылығы бойынша вариативтік бағдарламаларды әзірлеу.

2-басым бағыт «Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогикалық кадрларының сапасын жақсарту»

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің педагог кадрлар құрамының сапасын жақсарту мақсатында педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыруға бағытталған жұмыстар жоспарлы түрде жалғасын табады.

Мамандандырылған жоғары және техникалық, кәсіптік білімі бар мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үлесін арттыру үшін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша жоғары оқу орындары мен колледждерде педагогикалық кадрларды даярлауда мемлекеттік білім беру тапсырысы артады. Нәтижесінде 2020 жылға дейін олардың үлесі 50%-ға дейін өседі деп күтілуде.

Шаралар:

- ЖОО мен колледждерде педагог кадрларды даярлауға жыл сайынғы мемлекеттік білім беру тапсырысын арттыру;
- мектепке дейінгі ұйым педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру, соның ішінде онлайн оқыту.

3-басым бағыт «Мектепке дейінгі ұйымдар желісін ұлғайту»

Мектепке дейінгі ұйым желісі республикалық және жергілікті бюджет есебінен демографиялық жағдайды ескере отырып, соның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік механизмі арқылы саны және сапасы жағынан да дамиды.

Мектепке дейінгі ұйым желісін дамытуда мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту есебінен мектепке дейінгі ұйым салу мен пайдаланудың жаңа үлгілік жобалары, сондай-ақ, тұрғын үй кешендерінің 1-қабаттарында орналасқан мектепке дейінгі ұйымдарға ерекше назар аударылады.

Жаңа орын ашу балаларды қамту көрсеткішін арттыруға мүмкіндік береді, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен аз қамтылған отбасыларын қамту.

Шаралар:

республикада мемлекеттік-жекешелік әріптестікті белсенді дамыту жолымен демографиялық жағдайды ескере отырып мектепке дейінгі ұйымдар желісін ұлғайту.

Мектепке дейінгі білім берудің мазмұнын жаңарту мен педагогтердің сапалы құрамын арттыру мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін жандандыруға мүмкіндік береді.

2-стратегиялық бағыт. Орта білім беру және балалардың құқықтарын қорғау

Тегін орта білім алу құқығына еліміздің [Конституциясы](#) кепілдік береді.

1-басым бағыт «Орта білім берудің мазмұнын жаңарту»

Ұлт жоспарының 76-қадамы шеңберінде елдің жалпы білім беру мектептерінде Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесін ескере отырып 12 жылдық білім беруге көшу бойынша міндет қойылған.

Оқушылардың оқу нәтижелері сын тұрғысынан ойлау, өз алдына ізденіс және ақпаратты терең талдау дағдыларын меңгеру болуы тиіс.

Сонымен қатар Қазақстанның барлық мектептерінде орта мерзімді перспективаларда Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тиімді тәжірибесі енгізілетін болады.

Жаңартылған білім беру мазмұнына көшу кестесіне сәйкес оқушылардың білім деңгейін теңестіру мақсатында бірыңғай оқулық базасы енгізілетін болады.

Жаңартылған мазмұн сапалы жаңа оқулықтармен және ЦББР-мен сүйемелденетін болады.

Оқу бағдарламалары жаңа технологияларды, ғылыми инновацияларды, математикалық модельдеуді дамытуға бағытталған STEM-элементтерді (ғылым) қамтитын болады.

Оқыту «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы принципіне негізделетін болады. Бұл академиялық пәндер, элективті курстар, әлеуметтік жобалар, сыныптан тыс және қосымша жұмыс арқылы іске асатын патриоттық, саяси, құқықтық және моральдық білім беру кешені.

2018 жылдан бастап Дүниежүзілік банк қарызы шеңберінде мектептегі білім берудің сапасын арттыруды және теңсіздікті азайтуды қолдау бойынша «Қазақстан Республикасында орта білімді жаңғырту» жобасы іске асырыла бастайды. Жоба 12 жылдық білім беруге көшуді қолдауды, оның ішінде мектептердің материалдық-техникалық базасын жақсартуды, базалық оқулыққа, оқулықтар сапасын көп деңгейлі сараптауға қойылатын талаптарды әзірлеуді, оқулықтар сапасын бағалау саласындағы сарапшылар біліктілігін арттыруды, орта білім берудің жаңа мазмұнының әлемдік озық білім беру жүйелері деңгейіне сәйкестігін мониторингтеуді және бағалауды енгізуді көздейді.

ШЖМ проблемасын шешу үшін тірек мектептерін (ресурстық орталықтар) ашу жұмысы жалғасатын болады, сонымен қатар балаларды мектепке және мектептен үйге тасымалдауды ұйымдастыру. 2020 жылға дейін тірек мектептердің саны 200 бірлікке дейін жеткізілетін болады.

Қала мен ауыл арасындағы білім беруді теңестіру шалғайдағы мектептер мен ШЖМ-да қашықтықтан оқыту тетіктерін енгізу жолымен жүзеге асырылатын болады.

Осал топ оқушылары ретінде білім беруде арнайы қажеттіліктері бар балаларды оқу процесіне барынша тартуға ерекше көңіл бөлінуде.

Оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешен білім беруде ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқытуға бейімделіп өңделетін болады, сондай-ақ көзі көрмейтін балаларға арналған рельефті-нүктелік қаріпті оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешен (Брайль шрифтісі) және нашар көретін балалар үшін шрифтісі ірілендірілген оқулықтар әзірленеді.

2018-2019 оқу жылынан бастап ЖАО тарапынан арнайы білім беру ұйымдары мен сыныптарға нашар көретін балалар үшін рельефті-нүктелік шрифті (Брайль шрифтісі) оқулықтар мен ОӘҚ қамтамасыз ету басталады.

Сонымен қатар, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға инклюзивті ортада қолдау көрсету бөлігінде педагогтер мен педагог қызметкерлердің қызметтік лауазымы және оларға теңестірілген тұлғаларға қатысты мемлекеттік білім беру ұйымдарының типтік штаттық үлгісіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесі қаралады (типтік штаттық үлгіге педагог-ассистент бірлігін қосу).

Орта білім беруді жаңғырту жобасы шеңберінде бағалау жүйесін жетілдіру мақсатында Дүниежүзілік банкпен бірлесіп, 2020 жылға қарай:

- 1) білім алушылардың ұлттық емтихандары мен оқу жетістіктерін мониторингтік зерттеулердің рәсімдері жетілдіріледі;
- 2) оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жетілдіріледі;
- 3) тест стандарттары әзірленеді;
- 4) білім алушылардың дағдылары мен білігін, құзыреттілігінің кең спектрін тексеру үшін тест тапсырмаларының базасы құрылады.

Қазақстан TIMSS, PIRLS, PISA халықаралық зерттеулеріне қатысуды жалғастырады. Апробация нәтижесі бойынша жан басына қаржыландыру енгізілетін болады.

Шаралар:

- НЗМ тәжірибесі бойынша 12 жылдық оқыту үлгісіне ауысу;

- білім берудің жаңартылған мазмұнына көшуге әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз ету;
- апробация нәтижесі орта білім беру жүйесінде жан басына қаржыландыруды енгізу;
- робототехниканы дамыту және білім берудің электронды мазмұнын енгізу.

2-басым бағыт «Үш тілде білім беруді енгізу»

Мемлекет басшысының 2008-2014 жылдардағы Қазақстан халқына Жолдауы шеңберінде, Қазақстан халқы Ассамблеясы сессияларында берген тапсырмаларына сәйкес үш тілде білім беруге кезең-кезеңімен көшу басталатын болады.

Республикада бір мезгілде қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде оқытуға жоспарлы түрде көшу «100 қадам» Ұлт жоспарының 79-қадамында және Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында қарастырылған.

2019-2020 оқу жылынан бастап жоғары сыныптарда (10-11) таңдау бойынша және мектептердің мүмкіндігіне қарай 4 пәннен (информатика, биология, физика, химия) ағылшын тілінде 2 пәнді таңдау бойынша оқыту жоспарлануда.

Сонымен қатар 2019-2020 жылдардан бастап үш тілде білім беруге көшу шеңберінде оқыту тіліне қарамастан барлық мектептерде «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту қазақ тілінде, «Дүниежүзілік тарих» пәнін орыс тілінде (7 сыныптан бастап) оқыту жоспарлануда.

Шаралар:

- үш тілде білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік кешенінің жыл сайынғы негізде әзірлеу;
- үш тілде білім беруді енгізу бойынша конференциялар, семинарлар және тренингтер өткізу;
- педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарын өткізу.

3-басым бағыт «Педагогикалық әлеует деңгейін көтеру және басқаруды жетілдіру»

Жаңартылған мазмұнды енгізудің сәттілігі мұғалімнің педагогикалық шеберлігі деңгейінің жоғарылығына байланысты.

Педагог кадрлардың сапалық құрамын жақсарту мақсатында:

1) тек мектеп педагогтарын ауқымды оқытуды өткізу емес, сонымен қоса ЖОО-лардың профессор-оқытушылар құрамын, педагогикалық мамандықтар бойынша колледждердің оқытушыларын, білім беру ұйымдарының жетекшілері мен мамандарын жаңа мазмұн бойынша тәсілдер мен әдістерге оқыту;

2) қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде өз пәндерін оқыту үшін мұғалімдерге тілдерді үйрету;

3) ЖОО педагогикалық мамандықтағы студенттері үшін бағдарламаларды жаңарту және енгізу қарастырылатын болады.

Басқару орта білім беру жүйесін жаңғырту бағытында аса үлкен рөл атқарады. Білім беру сапасының артуына дұрыс әрі жүйелі ұйымдастырылған басқару әсер ететін болады, бұл қоғаммен тығыз байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

Мектеп басшылары басқару мәселесі бойынша біліктілік курсынан өтеді.

2017 жылдан бастап мектептің дамуына ықпал жасайтын қамқорлық кеңестер әр мектепте ашылатын болады. Қамқорлық кеңестері жұмысының шеңберінде жыл қорытындысы бойынша мектеп басшыларының жыл сайынғы есебі қарастырылатын болады, бұл мектеп сайтында жарияланатын болады.

Білім беру ұйымдары мен мектептердің деңгейінде олардың жетістіктерін жариялайтын ауқымды PR-кампаниялар өтетін болады.

Мектеп директорларының Кеңесі жұмыс істейтін болады, онда өзекті мәселелер талқыланып, оларға белгілі бір шешім қабылданатын болады.

Әрбір мектеп басқа мектептермен тиімді тәжірибелерімен алмаса отырып және өздерінде басқа мектептердің тиімді тәжірибесін енгізе отырып серіктестік ретінде әрекеттесетін болады.

Шаралар:

- жаңартылған мазмұн талаптарында мектептерді білікті мамандармен қамтамасыз ету;
- TALIS оқыту мен оқу халықаралық зерттеуге қатысу;
- жыл сайын «Үздік педагог» республикалық конкурсын өткізу;
- басқару саласындағы курстарда мектеп басшыларының біліктілігін арттыру курстарын өткізу;
- мектептерде қамқорлық кеңестерін ашу.

4-басым бағыт «Орта білім беруде инфрақұрылымды дамуды қамтамасыз ету»

Оқу-тәрбие процесін тиімді іске асыруға мектеп инфрақұрылымының дамуы, оның ішінде нысандардың техникалық және функционалдық сипаттамалары тікелей немесе қосымша әсер етеді.

Апатты мектептердің орнына, сонымен қатар үш ауысымды мектептерді жою үшін құрылыс республикалық және жергілікті бюджеттен ғана емес, сондай-ақ мемлекеттік-жеке-кәсіпкерлік әріптестік арқылы да жүзеге асырылатын болады. Бұл 2020 жылға апатты және үш ауысымды мектептерді толық жояды.

Жергілікті бюджет есебінен мектептерді пәндік кабинеттермен қамтамасыз ету жалғасатын болады. Мектептік білім беруде ақпараттандыру оқуға ақпараттық технологияларды одан әрі енгізу шеңберінде іске асатын болады.

Білім беруде ерекше қажеттілігі бар балаға инклюзивті ортада қолдау көрсету қамтамасыз етіледі.

2017 жылдың басына психолого-педагогикалық коррекция кабинеттерінің желісі 149 бірлікті, психолого-медицина-педагогикалық консультациялар - 58 құрады.

Психолого-педагогикалық коррекция кабинеттері мен психолого-медицина-педагогикалық консультациялар ашу жөнінде жұмыс жалғасатын болады.

Жалпы орта білім беру ұйымдарында психолого-педагогикалық консилиумдар жұмыс жасайтын болады.

Шаралар:

- орта білім берудің инфрақұрылымын одан әрі дамыту және мектептердің материалдық-техникалық жабдықтарын жақсарту, соның ішінде МЖМӘ арқылы;
- апатты мектептерге және үш ауысымды мектептерге мониторинг жүргізу;
- КЖҚЖ қосылған мектептер үлесінің артуы.

5-басым бағыт «Мектеп оқушыларында салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру және балалар құқығын қорғау»

Балаларға қосымша білім беру бірыңғай білім беру процесінің маңызды құрамдық бөлігі болып табылады.

Жалпы білім беретін мектептерде үйірмелер мен секциялар санының өсуі есебінен балаларға шығармашылық және танымдық белсенділігін, жеке тұлғалық қасиеттері мен қабілеттерін іске асыруға мүмкіндік беріледі. Осылай балаларды қосымша біліммен қамтуды 2020 жылы 70%-ға жеткізу жоспарланып отыр.

Сондай-ақ, жергілікті бюджеттің есебінен спорт залдарын және қосымша білім беру ұйымдарын заманауи құрал-саймандармен жабдықтау бойынша жұмыс жалғасын табады.

Елімізде балалардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту, балалық отбасылардың, балалар үшін білім беру және медициналық көмекке қол жетімділікті арттыру жүйесінде оң үрдістер байқалады.

Баланы отбасында тәрбиелеу, балаларды тәрбиелеудің құқықтық және экономикалық тетіктерінің мынадай нысандарын: бала асырап алу, қамқоршылық және қорғаншылық,

патронаттық тәрбиелеуді жетілдіру; мемлекеттік басқару мен ақпараттық жүйелерді баланың құқығын қорғау саласында механизмдерді жетілдіру үшін мемлекет тарапынан барлық қажетті жағдайлар жасалуда.

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және әлеуметтік шеттетілуін еңсеруге ықпал ететін, оңалту және қоғамға толыққанды шоғырландыруға мүмкіндік беретін балалармен жұмыс түрлерін енгізу, әрбір баламен және оның отбасымен жұмыс кезінде кәсібилігін және жоғары біліктілігін арттыру бойынша шаралар қабылдау қажет.

Қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасы және балаларға кәсіби психологиялық көмек бойынша жұмыс жалғасатын болады.

Балаларды қорғау саласындағы мамандардың біліктілігін арттыру үнемі және сапалы даярлау үшін жағдайлар жасалатын болады.

Қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасы және балаларға жан-жақты көмек көрсетілетін болады, отбасын кризистік жағдайда қолдау және отбасылар мен балаларға әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету жүйесі құрылатын болады.

Шаралар:

- мектептер арасында спорттық сайыстар өткізу;
- қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасы және балаларға кәсіби психологиялық көмек жүйелерін және отбасылық қолайсыздықты ерте кезеңінде ескертуге мүмкіндік беретін тетік құру;
- жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарды, девианті мінез-құлықты балаларға арналған арнайы ұйымдарды және арнайы ұстау режиміндегі ұйымдарды қайта ұйымдастыру, оңтайландыру, қазіргі балаларды интернаттық тәрбиелеу жүйесін отбасылыққа қайта бағдарлау;
- қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасылар мен балаларды қолдау орталықтарын құру.

3-стратегиялық бағыт. Техникалық және кәсіптік білім беру.

1-басым бағыт «Жастардың кәсіби дамуына және ТКБ-ға қол жетімділігін қамтамасыз ету үшін жағдай жасау»

2020 жылға дейін 2 400 орындық 4 колледж салынып пайдалануға беріледі. Құрылыс және қайта құру есебінен 390 орындық 2 жатақхана енгізіледі.

Екі деңгейлі модульдік бағдарламаларды енгізу шеңберінде жастардың тегін бірінші жұмыс біліктілігін қамтамасыз ету мақсатында жұмысшы мамандықтар бойынша кадрларды даярлауға ЖБ есебінен мемлекеттік тапсырыс көлемін жыл сайын ұлғайту жоспарланған.

Индустриялық-инновациялық даму басым жобаларын іске асыру үшін 10 базалық колледж анықталып, техникалық және кәсіптік білімді жаңғырту орталықтары ретінде келесіні қамтамасыз етеді:

- жаңа модульдік-құзыреттілік білім беру бағдарламалары бойынша кадрларды даярлаудан алынған тәжірибелерді тарату бойынша;
- өңірлердегі колледждердің жетекшілері мен инженер-педагог қызметкерлерін оқыту бойынша дәрежелік «Кәсіпқор» холдингінің біліктілігін арттыру бағдарламасы бойынша;
- өңірлердің колледждерінің инженер-педагог қызметкерлерін және студенттерін еңбек нарығының нақты қажеттіліктеріне сәйкес заманауи кұрал-жабдықтары негізінде оқыту бойынша.

Қосымша кәсіби дағдыларын алу үшін колледждер мен кәсіпорындарда кәсіптік даярлау оқу орталықтарының оқу желісі дамитын болады. Колледж студенттеріне негізгі мамандықтарын алумен қатар, кәсіпорындарда жаңа технологияларды енгізуін ескере отырып, қосымша ақпарат алу мүмкіндігі беріледі.

Жергілікті атқарушы органдармен жұмыс істеп тұрған колледждер базасында олардың қызметін ұйымдастыру және жұмыс істеп тұрған оқу-өндірістік комбинаттарын жетілдіру жолымен жоғары сынып оқушыларына кәсіптік білім беру үшін жағдайлар жасалатын болады. Бұл мектеп оқушыларының бастапқы еңбек дағдыларын меңгеруіне және кәсіби өзін-өзі анықтауына ықпал етеді.

Жастарды кәсіпкерлік қызметпен ынталандыруға жағдай жасау үшін кәсіпкерлік негіздері бойынша сабақ алған студенттер саны ұлғаяды. «Атамекен» ҰКП-нің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес әзірленген «Кәсіпкерлік қызметтің негіздері» факультативтік курсы оқыту бойынша жұмыс жалғастырылатын болады.

Колледждерде жекелеген пәндерді ағылшын тілінде оқыту үшін жағдайлар жасалатын болады. Осы мақсатта «Информатика» пәні бойынша ағылшын тілінде оқулықтар сатып алынып, оқу бағдарламалары әзірленді. 2021 жылға дейін кадрлық әлеуетінің дайындығын ескере отырып ағылшын тілінде жүргізілетін пәндердің санын арттыру жоспарлануда.

Дуальді оқытуды белсенді дамыту арқылы колледж түлектерінің кәсіби тұрғыда өзін-өзі дамытуға жағдай жасалатын болады. Бұл үшін студенттердің тәжірибеден өтуі мен одан әрі жұмысқа орналастыруын көздейтін дуальді оқыту туралы шарттар мен келісімдер жасау бойынша жұмыс жалғастырылатын болады. Сондай-ақ, дуальді оқытуды дамыту бойынша өндірістік оқуға өндірістегі тәлімгерді тарту бойынша жұмыстар жалғасатын болады.

Жұмысшы мамандығын алуға мектеп түлектерін тарту мақсатында оқушы жастар арасында кәсіби бағыт-бағдар беру жұмысы жүйеленетін болады. «Кәсіпқор» Холдингі мансаптық тәлімгерлік және кәсіби бағыт-бағдар беру жүйесін енгізу бойынша жұмыс өткізетін болады. Кәсіби бағыт-бағдар жұмысына тәсілдер жасалатын болады.

Жастар арасында жұмысшы мамандықтарын дәріптеу үшін Worldskills қозғалысы дамитын болады. Жыл сайын өңірлік және ұлттық чемпионаттар өткізу және конкурс күзиреттіліктерінің тізімін кеңейту жоспарлануда.

ТЖКБ ұйымдарын бейіндеу бойынша жұмыс шеңберінде әр түрлі құралдарды пайдалана отырып, кадрларды даярлау теңсіздігін теңестіруге мүмкіндік беретін ұсыныстар жасалатын болады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарға жағдай жасау мақсатында мамандықтар бойынша оқу жоспарлары әзірленетін болады. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға мамандықтар тізімі әзірленетін болады. Колледждерде тең қолжетімді білім беруді қамтамасыз ету мақсатында инклюзивті білім беру бағдарламасын сынақтан өткізу жүргізілетін болады.

Лизинг механизмі есебінен, Дүниежүзілік банктің қарызы есебінен, жұмыс берушілер мен әлеуметтік серіктестер және жергілікті бюджет есебінен ТЖКБ мемлекеттік оқу орындарының оқу-өндірістік шеберханалары, зертханалары мен арнайы білім беру кабинеттерін жаратқандыру және қайта жабдықтау бойынша жұмыс жалғастырылатын болады.

Шаралар:

- 2021 жылға дейін жұмысшы біліктіліктері бойынша кадрлар даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орта буын мамандықтарынан 80%-ға дейін қайта бөлу арқылы ұлғайту;

- жастардың одан әрі жұмысқа орналасуын қарастыратын кадрларды дуальді даярлау туралы шарттар жасау;

- колледждердің оқу бағдарламаларына кәсіпкерлік дағдыларды дамыту бойынша курс (пән) енгізу;

- жекелеген пәндерді ағылшын тілінде оқытуды енгізу.

2-басым бағыт «Жұмыс берушілердің талаптарын және халықаралық тәжірибені ескере отырып, техникалық және кәсіптік білім беру мазмұнын жаңарту».

Маман даярлаудың жеке траекториясын жасау және оның еңбек нарығында кәсіби құзыреттілігін арттыру үшін кәсіптік стандарттар негізінде ТжКБ-ның білім беру бағдарламалары қайта қаралып, жаңартылатын болады.

Модульдік-құзыреттілік тәсілді ескере отырып, үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламалары қайта қаралып, жаңартылатын болады.

ТжКБ ұйымдарын оқу әдебиеттерімен және оқу құралдарымен қамтамасыз ету үшін жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес және өндірісте технологиялық процестердің даму перспективаларын ескере отырып, шетелдік заманауи оқу әдебиеттері мен оқу құралдарын аудару және тираждау жүзеге асырылады.

Білім берудің барлық деңгейінің сабақтастығын қамтамасыз ету үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінде оқытудың кредиттік-модульдік технологиясына кезең-кезеңімен көшу жүзеге асырылады.

ТжКБ-ның мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына енгізілген өзгерістер оқу орындарына оқу жұмыс жоспарларының мазмұнын жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес өзгертуге, модульдік, кредиттік және дуальді оқытуды енгізуге мүмкіндік береді.

Халықаралық еңбек нарығында ТКБ түлектерінің қажеттілігі мен интеграциясын қамтамасыз ету мақсатында Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім кәсіптері мен мамандықтарының Білім беру жіктеуіштерінің халықаралық стандартына (бұдан әрі - БЖХС) сәйкес келтірілді. ТжКБ мамандықтарының тізбесі және оқыту мерзімдері қайта қаралатын болады.

Кадрлар даярлау сапасын арттыру және білім беру бағдарламаларын халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келтіру үшін 2020 жылдан бастап ТжКБ оқу орындарын халықаралық аккредиттеу жүргізіледі. Мемлекеттік тапсырыс орналастыру және мемлекеттік үлгіде құжат беру құқығы аккредиттеуден өтудің ынталандырушы факторы ретінде қарастырылған.

Салалық қауымдастықтар базасында мамандардың біліктілігін тәуелсіз сертификаттау жүйесін құру жұмысы жалғасатын болады.

2019 жылға дейін Дүниежүзілік банк есебінен «Еңбек дағдыларын дамыту және жұмыс орындарын ынталандыру» жобасы (бұдан әрі - Жоба) шеңберінде 5 біліктілікті тәуелсіз сертификаттау жүйесі орталығын (БТСЖО) құру жоспарланған.

Бағалаудың және біліктілікті берудің тәуелсіз жүйесінің рәсімдерін реттеу үшін салалық министрлік мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, «Кәсіби біліктіліктер туралы» заң жобасын әзірлеу жұмыстарын жүргізуде.

Оқыту сапасын арттыруға бағытталған пәрменді шаралар қабылдау және ТжКБ-ны халықаралық деңгейге шығару мақсатында Турин процесіне қатысу жалғасатын болады.

Шаралар:

- пәндерді ағылшын тілінде оқытуды енгізуді ескере отырып, ТжКБ мазмұнын жаңарту бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және өзектендіру;
- оқыту мерзімімен ТжКБ мамандықтары мен біліктіліктерінің тізбесін жаңарту;
- оқытудың кредиттік-модульдік технологиясын ескере отырып, үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын өзектендіру;
- ТжКБ жүйесі үшін шетелдік оқу әдебиеттерін сатып алу және аудару;
- оқытудың кредиттік-модульдік технологиясына кезең-кезеңімен көшу;
- колледждердің халықаралық аккредиттеуден кезең-кезеңімен өтуі.

3-басым бағыт «ТжКБ инженер-педагог қызметкерлерінің кәсіби құзыреттіліктерін арттыру үшін жағдай жасау».

Ағымдағы кезеңдегі техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы кадрлық саясат қызметкерлердің беделін арттыруға және инженерлік-педагогикалық қызметкерлердің барлығын жаңа мазмұн бойынша қайта оқытуға бағытталады.

Инженер-педагог кадрлардың біліктілігін арттырудың деңгейлік бағдарламасын енгізу мәселесі пысықталатын болады. Ол халықаралық талаптарға сәйкес «Кәсіпқор» холдингі»

КЕАҚ арқылы оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлік бағдарламасын қарастырады. Бұл модель оқытушылардың практикалық-бағдарлау деңгейінен психологиялық-педагогикалық деңгейге дейінгі білімдерін жүйелендіруді қарастырады. Әрбір деңгейдің қорытындысы бойынша «оқытушы», «оқытушы-сарапшы», «оқытушы-әдіскер» сертификаты берілетін болады.

Оқытушылар үшін «Кәсіпқор» холдингінің базасында, оның ішінде еріктілерді - «Болашақ» бағдарламасының бітірушілерін тарта отырып, ағылшын тілін оқыту сапасын арттыру бойынша және арнайы пәндер бойынша оқыту семинарларын жүйелі түрде өткізу жоспарлануда.

Колледж оқытушыларының беделін арттыру мақсатында үздік оқытушылардың, жас мамандардың онкүндіктерінің озық тәжірибесін тарату, жыл сайын «Үздік педагог» конкурсын өткізу жоспарлануда. Қызметкерлердің республикалық, халықаралық семинарларды, көрмелерді ұйымдастыру және оларға қатысу, оның ішінде он-лайн тәртібінде, шетелге тағылымдамаға қатысу жұмысы жандандырылуда. Кәсіподақ, жұмыс берушілер, колледждердің жеке қаражаты есебінен үздік қызметкерлерді материалдық көтермелеу қарастырылуда.

Шаралар:

- «Кәсіпқор» Холдингі» КЕАҚ арқылы деңгейлік модель бойынша инженер-педагог қызметкерлердің, оның ішінде ТЖКБ басшыларының біліктіліктерін арттыру;

- ИПҚ-ны базалық пәндер мен арнайы пәндерді ағылшын тілінде оқыту үшін қайта оқыту, оның ішінде тәжірибе алмасу үшін шетелдік оқытушыларды тарту арқылы қайта оқыту.

4-стратегиялық бағыт. Жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім

1-басым бағыт «Бәсекеге қабілетті кадрлардың сапалы дайындығын қамтамасыз ету»

